

ISSN 1999-4214 (print)

ISSN 2957-5095 (online)

ЕУРАЗИЯ ГУМАНИТАРЛЫҚ ИНСТИТУТЫНЫҢ

ХАБАРШЫСЫ

ВЕСТНИК

ЕВРАЗИЙСКОГО
ГУМАНИТАРНОГО
ИНСТИТУТА

BULLETIN

OF THE EURASIAN
HUMANITIES
INSTITUTE

№1/2026

Жылына 4 рет шығады
2001 ж. шыға бастаған

Выходит 4 раза в год
Начал издаваться с 2001 г.

Published 4 times a year
Began to be published in 2001

Астана, 2026

Бас редактор **Дауренбекова Л.Н.**
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті,
филология ғылымдарының кандидаты
Жауапты редактор **Алимбаев А.Е.**
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті,
философия докторы (PhD)

Редакция алқасы

Аймұхамбет Ж.Ә.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Ақтаева К.	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Мицкевич атындағы Польша университеті, Познань, Польша.
Әбсадық А.А.	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
Аасланд Е.	философия докторы (PhD), профессор
Бредихин С.Н.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Солтүстік Кавказ федералды университеті, Ставрополь, РФ
Гайнуллина Ф.А.	филология ғылымдарының кандидаты, доцент Ә. Бөкейхан атындағы университеті, Семей, Қазақстан
Ермекова Т.Н.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан
Есиркепова К.Қ.	филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
Жүсіпов Н.Қ.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Торайғыров университеті, Павлодар, Қазақстан
Каранфил Г.	философия докторы (PhD), профессор, Комрат мемлекеттік университеті, Кишинев, Молдова
Курбанова М.М.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Алишер Навои атындағы Ташкент мемлекеттік өзбек тілі мен әдебиеті университеті, Ташкент, Өзбекстан
Қамзабекұлы Д.	ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Құрысжан Л.Ә.	филология ғылымдарының кандидаты, профессор, Ханкук шетелтану университеті, Сеул, Оңтүстік Корея
Онер М.	философия докторы (PhD), профессор, Эгей университеті, Измир, Туркия
Олдфилд А.	Философия докторы (PhD), профессор, Каролина Университеті Каролина, АҚШ
Пименова М.В.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Шет ел тілдері институты, Санкт-Петербург, РФ
Сайфулина Ф.С.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазан федералды университеті, Қазан, Татарстан, РФ
Сенмез О.Ф.	философия докторы (PhD), профессор, Токат Газиосманпаша университеті, Токат, Түркия

Редакцияның мекенжайы: 010009, Астана қ., Жұмабаев даңғ., 4
Телефон/факс: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы.

Меншіктенуші: «А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты»

Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетінде қайта есепке қойылды. Тіркеу № KZ92VPY00046970 17.03.2022

Басуға 27.03.2026 ж. қол қойылды. Пішімі 60*84 1\8. Қағаз офсеттік Көлемі. БТ.

Таралымы 200 дана. Бағасы келісім бойынша. Тапсырыс № 89

«Ақтаев У.Е.» баспасында басылып шықты

© А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты

Главный редактор **Дауренбекова Л.Н.**
Кандидат филологических наук, доцент Евразийского гуманитарного института имени
А.К. Кусаинова
Ответственный редактор **Алимбаев А.Е.**
Доктор философии (PhD), доцент Евразийского гуманитарного института имени
А.К. Кусаинова

Редакционная коллегия

Аймухамбет Ж.А.	доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Актаева К.	доктор филологических наук, профессор, университет имени Адама Мицкевича, Познань, Польша.
Абсадық А.А.	доктор филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А.Байтурсынова, Костанай, Казахстан
Аасланд Е.	доктор философии (PhD), профессор
Бредихин С.Н.	доктор филологических наук, профессор, Северо-Кавказский федеральный университет, Ставрополь, РФ
Гайнуллина Ф.А.	кандидат филологических наук, доцент университет имени А. Бокейхана, Семей, Казахстан
Ермекова Т.Н.	доктор филологических наук, профессор, Казахский национальный женский педагогический университет, Алматы, Казахстан
Есиркепова К.К.	кандидат филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А. Байтурсынова, Костанай, Казахстан
Жусипов Н.К.	доктор филологических наук, профессор, Торайгыров университет, Павлодар, Казахстан
Каранфил Г.	доктор философии (PhD), профессор, Комратский государственный университет, Кишинев, Молдова
Курбанова М.М.	доктор филологических наук, профессор, Ташкентский государственный университет узбекского языка и литературы им. Алишера Навои, Ташкент, Узбекистан
Камзабекулы Д.	академик НАН РК, доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Курсыжан Л.А.	кандидат филологических наук, профессор, Университет иностранных языков Ханкук, Сеул, Южная Корея
Онер М.	доктор философии (PhD), профессор, Эгейский университет, Измир, Турция
Олдфилд А.	доктор философии (PhD), профессор, Университет Каролины Каролина, США
Пименова М.В.	доктор филологических наук, профессор, Институт иностранных языков, Санкт-Петербург, РФ
Сайфулина Ф.С.	доктор филологических наук, профессор, Казанский федеральный университет, Казань, Татарстан, РФ
Сенмез О.Ф.	доктор философии (PhD), профессор, Университет Токат Газиосманпаша, Токат, Турция

Адрес редакции: 010009, г. Астана., пр. Жумабаева, 4
Телефон/факс: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Вестник Евразийского гуманитарного института.
Собственник: «Евразийский гуманитарный институт имени А.К. Кусаинова».
Министерством информации и общественного развития Республики Казахстан Комитет информации постановлено на переучет № KZ92VPY00046970 17.03.2022
Подписано в печать 27.03.2026 г. Формат 60*84 1\8. Бум. типогр.
Тираж 200. Цена согласовано. Заказ № 89
Напечатано в издательстве «У.Е. Актаева»

©Евразийский гуманитарный институт имени А.К. Кусаинова

Chief Editor **Daurenbekova L.N.**

Candidate of Philological Science, Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute

Editor-in-Chief **Alimbayev A.E.**

Doctor of Philosophy (PhD), Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute

Editorial Board

Aimuhambet Zh.A.	Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
Aktayeva K.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Poznan Adam Mitskevich University, Poznan, Poland
Absadyk A.A.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
Aasland E.	
Bredikhin S.N.	Doctor of Philological Sciences, Professor, North-Caucasus Federal University, Stavropol, RF
Гайнуллина Ф.А.	Candidate of Philological Sciences, Associate Professor Alikhan Bokeikhan University, Semey, Kazakhstan
Yermekova T.N.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Kaz. National Women's Pedagogical University. Almaty, Kazakhstan
Yesirkepova K.K.	Candidate of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
Zhusipov N.K.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Toraighyrov University, Pavlodar, Kazakhstan
Karanfil G.	Doctor of Philological (PhD), Professor, Komrat Devlet Univerditesi, Kishinev, Moldova
Kurbanova M.M.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Tashkent State University of the Uzbek Language and Literature named after Alisher Navoyi, Tashkent, Uzbekistan
Kamzabekuly D.	Academician of NAS RK, Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
Kuryszhn L.A.	Candidate of Philological Sciences, Professor, Hankuk University of Foreign Studies Seoul Korea
Oner M.	Doctor of Philological (PhD), Professor, Aegean University, Izmir, Turkey
Oldfield A.	Doctor of Philological (PhD), Professor, Coastal Carolina University Carolina, USA
Pimenova M.V.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Foreign Languages Institute, St-Petersburg, RF
Seifullina F.S.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Kazan Federal University, Kazan, Tatarstan, RF
Senmez O.F.	(PhD), Professor, Tokat Gaziosmanpasa University, Tokat, Turkey

Editorial address: 010009, Astana., 4, Prospect Zhumabayev

Tel/Fax: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Bulletin of the Eurasian Humanities Institute.

Owner: «A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute».

The Ministry of Information and Public Development of the Republic of Kazakhstan Information Committee decided to re-register No. KZ92VPY00046970 17.03.2022

Signed for printing 27.03.2026 Format 60 * 84 1 \ 8. Paper. Printing house

Circulation 200. Price agreed. Order No. 89

Printed in the publishing house of «U.E. Aktaev»

МАЗМҰНЫ — СОДЕРЖАНИЕ — CONTENTS

ТІЛ БІЛІМІ – ЯЗЫКОЗНАНИЕ – LINGUISTICS

АКМАГАМБЕТОВА Б.Е., САРСЕКЕ Г.Ә., ШАХИН И.	Сұхбат дискурсындағы коммуникативті стратегия мен тактика: қолданыс ерекшеліктері	7
БЕРГІБАЕВА Д.Қ., КЕНЖЕҒАЛИЕВ С.А., СЕРДАЛИНА С.К.	Ділдік лексикон және қостілділік	22
DOSZHAN Z.A., YERSULTANOVA G.T., KNASSANOVA M.T.	Lexicalising myth and cultural memory: a comparative study of kazakh and english mythologemes	31
ЕСКЕЕВА М.Қ., РАЙНБЕКОВА Г.С.	Түркі халықтарының тұрмыстық лексикасы: тарихи және мәдени аспектілері	40
ЖЫЛКЫБАЕВА М.С., САПАРБАЙҚЫЗЫ Ш., СПАТАЕВА С.Т.	Қытай және басқа да шығыс дереккөздеріндегі көне түркі қала атауларында кездесетін -кент/-кет формантының тарихи-лингвистикалық ерекшеліктері	48
ИСКАКОВА Г.Ж., ТЛЕУБЕРДИНА Г.Т., ТАҢСЫҚБАЙ Ә.Қ.	Көркем мәтінді комикс форматына бейімдеудің лингвистикалық негіздері: отандық әдебиетке шолу	57
МАНАПБАЕВА Ж.Ж., АЛПЫСБАЕВА А.Е., ЖУСУПОВА А.У.	Аударма сапасын бағалау тәжірибесі	67
ОСПАНОВА Ф.А., БАЛХИМБЕКОВА П.Ж.	Бизнес терминологиясындағы кірме сөздердің ерекшеліктері	79
SAKYEVA G.O., IBRAIMOVA L.A.	The importance of lexical classification of film discourses in creating a multimedia corpus (based on the film “Alty jasar Alpamys” (“Six-year-old Alpamys”))	90

ӘДЕБИЕТТАНУ – ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ – LITERATURE STUDIES

АБДУЛЛИНА А.Б., СҰЛТАҒАЛИЕВА О.Қ., СЕЙСЕМБАЕВА Ж.А.	Қазіргі қазақ поэзиясындағы ұлттық мінез поэтикасы мен символикасы	98
ALIYEV Y.N., TOIBAZAR A.M., TURDALI T.	The historical figure and the epic hero in kazakh epic poetry (based on the epic of Edige)	108
АЛИМКАНОВА Г.Б., ЖҮСІПОВ Н.Қ.	Ғалым Едіге Тұрсыновтың түркі халықтары фольклоры туралы тұжырымдары	121
ӘЛТАЙ А.Д., ЖӘЛЕЛОВА М.С., ҚИАРЫСТАНОВА Г.Қ.	Қадыр Мырза Әли поэзиясындағы ауыл концептісі және ұлттық болмыс	130
БАКИРОВА Ш.А., БАЙМЫШ Л.Қ.	Ж. Бектұров шығармаларындағы азаттық сарын	140
YERZHANOVA F.M., IBRAEVA ZH.B., MUKANOVA ZH. R.	Reinterpreting the fairy tale: modern trends in kazakhstani children’s literature	151

GALYMZHANOVA Z.T., BAYTANASOVA K.M., KALIYEV A.K.	The narrative structure in S. Seifullin's novel «A hard road, a perilous journey»	162
ИБРАГИМОВА Д.Қ., АСЫЛБЕКҰЛЫ С., ТОҚШЫЛЫҚОВА Г.Б.	Жазушы Сайын Мұратбековтің сыншылық қыры	171
ИХСАН Д.М.	Түркістан мерзімді баспасөзінде ұлттық фольклордың жариялануы мен зерттелуі	181
КЕНЖЕҚОЖАЕВА А.М., ЖУСАНБАЕВА С.Б.	Метапоэтиканың метамәтіндік өлшемдері (А. Құнанбайұлы шығармашылығы негізінде)	192
МАКАТОВА А.А., ӘБСАДЫҚ А.А.	«Абай», «Сана», «Таң» журналдарындағы қазақ фольклор материалдары	202
МҰСТОЯПОВА А.Т., ИБРАИМОВА Ж.Ж., ЖАМАНОВА Ж.Ж.	Джордж Оруэлдің «1984» романындағы псевдокарнавал поэтикасы	211
НҮРБАЕВА А.Н., ТӨЛЕБАЕВА Қ., ДАУРЕНБЕКОВА Л.Н.	Прецеденттік құбылыстардың көркем мәтіндегі қолданысы (Шәкәрім Құдайбердіұлы шығармалары негізінде)	222
НҮРБАНОВА А.Қ.	Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы шығармаларындағы білім мен тәрбие құндылықтары	235
СӘРСЕНБАЕВА Ж.Б., ҚҰРМАНБАЙ А.П., ОБАЕВА Г.С.	Айгүл Кемелбаеваның «Мұнара» романындағы әйел бейнесі: архетип және сана трансформациясы	245
СЕЙПУТАНОВА А.Қ., НУРЛАНОВА А.Н.	Ш. Құдайбердіұлының «Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресіндегі» қазақ рулары туралы мәліметтердің тарихи негізі	257
ХАМИДОВА А.Х., КАНАФИНА М.А., ЖУМСАКБАЕВ А.Т.	Женский иронический детектив как форма социокультурного комментария (на материале романа Дарьи Донцовой «Маникюр для покойника»)	267

ТІЛ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ – МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ – METHODOLOGY OF TEACHING LANGUAGE AND LITERATURE

КАЙЫРБАЕВА Ж.К., РАХМЕТОВА Р.С.	Оқушылардың сөзсаптамын тілдесім әрекеті негізінде дамытудың педагогика-психологиялық аспектісі	275
KOILYBAYEVA R.K., KUSMANOVA K.A.	Formation of family values in children on the basis of family discourse	388
МАЖИЕВА Н.А., БАЛТАБАЕВА Н.С., А.БЕРКЕНОВА Р.	ЖОО-да қазақ эпостарды жобалық әдістеме арқылы оқыту	299
ОРАЗ А.Н., МАЛИКОВ Қ.Т., РАМАЗАНОВА Г.Х.,	Қазақ тілін оқытуда корпусстық тәсілдердің лексикалық дағдыларды қалыптастыруға ықпалы	309
ТЕЛГОЖАЕВА Қ.С., ОДАНОВА С.А., ЖАЙЛАУБАЕВА М.Қ.	Ұлттық-мәдени код негізіндегі виртуалды жиі жүйесі: тіл үйренушілердің икемді дағды күзіреттілігін қалыптастыру	334
ТОҒЫЗБАЙ Н.Б., ЕРСУЛТАНОВА Г.С., ЖУМАХАНОВА Н.Н.	ҚАЗТЕСТ жүйесіндегі өнімді сөйлеу әрекеттерінің ерекшеліктері	346

*Г.Б. АЛИМКАНОВА¹ Н.Қ. ЖҮСІПОВ² Торайғыров университеті, Павлодар, Қазақстан^{1,2}
(e-mail: erema.19.01@mail.ru¹, nartai1970@mail.ru²)

ҒАЛЫМ ЕДІГЕ ТҰРСЫНОВТЫҢ ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫ ФОЛЬКЛОРЫ ТУРАЛЫ ТҰЖЫРЫМДАРЫ

Аңдатпа. Мақалада қазақтың фольклортанушы, филология ғылымдарының докторы Едіге Дәріғұлұлы Тұрсыновтың фольклортану саласына қосқан үлесі, оның фольклор туындыларын зерттеудегі ұстанымдары жайында баяндалған. Көрнекті түркітанушының көп қырлы ғылыми-зерттеу қызметі жалпы түркі әлемінің біртұтас тұжырымдамасы арқылы қазақ халқының сондай-ақ Орталық Азия, Оңтүстік Сібір және Шығыс Еуропа аумағында тұратын көптеген этностардың тарихы, мәдениеті мен әдебиетінің қалыптасу процестерін зерттеумен байланысты. Автордың қайталанбас білімі мен жоғары рухани мәдениеті оның ойларының кез келген көрінісіне ерекше көзқарас пен ауқымдылық береді.

Ғалымның «Түркі фольклорының бастауы. Қорқыт» еңбегінде ежелгі түркі мемлекетінің ыдырауынан бастап қазақ халқының қалыптасуына дейінгі кезеңдегі фольклордың өсіп-дамуы қамтылған.

Фольклор саласындағы өзгерістер уақыт ұғымындағы өзгерістермен байланысты екендігін дәлелдеп, уақыт туралы түсінік халық шығармашылығының негізгі факторларының бірі болып табылатынын анық көрсетеді.

Мақалада Е.Тұрсыновтың фольклорды этностың дүниетанымын айқындайтын күрделі мәдени жүйе ретінде қарастыруы, мифологиялық ойлау мен тарихи сананың өзара сабақтастығын ашудағы ғылыми тұжырымдары жан-жақты талданады. Автордың теориялық пайымдаулары түркі халықтарының ауызша мұрасын кешенді түрде зерделеуге мүмкіндік беріп, қазіргі фольклортану ғылымындағы методологиялық бағыттардың дамуына елеулі үлес қосатыны айқындалады.

Түйін сөздер: фольклор, уақыт, кеңістік, түркі мәдениеті, көшпелі түркі қоғамы.

Кіріспе. Едіге Дәріғұлұлы Тұрсынов – көрнекті ғалым, түркітанушы, өз шығармашылығымен қазақ фольклорының формалары мен түрлерінің генезисінен бастап фольклорды жасаушылардың, әңгімешілердің, сақтаушылардың, тасымалдаушылардың синкреттік түрлеріне дейінгі барлық жақтарын қамтыған. Ғылымға жиырмасыншы ғасырдың алпысыншы жылдарындағы жаңа формациядағы жас фольклортанушылар буынының жарқын өкілі, бар өмірін ғылым жолына арнаған, өз ойын жүзеге асыру жолында бар қуатын сарп еткендердің бірі – Едіге Тұрсынов. Басқа да беделді фольклор зерттеушілері сияқты ол тек мұнымен шектеліп қалмай, тарихнамаға, тарихи түсіндірулерге қатты қызығып, әсіресе шығармашылығының соңғы кезеңінде фольклор әлемі секілді этногенетикалық концепцияларды жасауға ұмтылды.

Е.Тұрсыновтың кәсіби қызмет саласы тарихты, мәдениетті және әдебиетті, ең алдымен қазақ халқының, сондай-ақ Орталық Азияның, Оңтүстік Сібірдің және Шығыс Еуропаның кең аумағында тұратын және жалпы түркі әлемі ұғымымен біріктірілген басқа да этностардың қалыптасу процестерін зерттеумен байланысты.

Ғалымның еңбектерінде ежелгі түркі мемлекетінің ыдырауынан бастап қазақ халқының қалыптасуына дейінгі кезеңдегі фольклордың дамуы, халықтық дүниетанымдағы мифологиялық және діни идеялар қарастырылады, айтыс жанрының шығу тегі де атап өтіледі. Автор қаһармандық эпостың қайнар көздері қарапайым мифология, батырлар жайлы ертегілер және тарихи әндер болғанын көрсетеді. Автор фольклорды тек көркем мәтін ретінде емес, халықтың тарихи жады мен рухани тәжірибесінің көрінісі ретінде бағалайды. Осы арқылы ол ауыз әдебиеті үлгілерінің қоғамдағы әлеуметтік, мәдени және дүниетанымдық қызметін айқындайды.

Е.Тұрсынов халықтық дүниетанымның негізін құрайтын мифологиялық және діни ұғымдарға ерекше назар аударады. Ғалым көне түркілік мифтердің, тәңірлік сенімнің және кейінгі діни қабаттардың фольклордағы көрінісін талдай отырып, олардың бір-бірімен сабақтастығын көрсетеді. Бұл тұрғыда Қорқыт бейнесі ерекше мәнге ие: ол тек аңыз кейіпкері ғана емес, түркі халықтарының рухани әлемін, өмір мен өлім, мәңгілік пен өткіншілік туралы философиялық түсініктерін жинақтаушы символ ретінде қарастырады. Е.Тұрсыновтың зерттеулері қазақ фольклорының тек әдеби мұрасы ғана емес, сонымен қатар халықтың рухани өмірі, әлеуметтік қатынастары және мәдени дәстүрлерін көрсететін кешенді феномен ретінде қарастырылуына мүмкіндік береді. Ғалым әрбір фольклорлық мәтінді этнографиялық, тарихи және тілдік тұрғыдан талдай отырып, оның шығу тегін, жанрлық ерекшеліктерін және басқа түркі халықтарының ауызша шығармашылығымен байланысын анықтайды. Оның еңбектері арқылы фольклорды тек ақпарат көзі ретінде емес, сонымен қатар қоғамның мәдени санасын қалыптастырудағы негізгі фактор ретінде қарастыруға болады.

Әдістеме және зерттеу әдістері. Зерттеудің деректік негізін белгілі фольклортанушы, ғалым Е.Тұрсыновтың ғылыми мұрасы құрайды. Зерттеу барысында автордың қазақ және түркі фольклорының қалыптасу, даму, жанрлық табиғатын айқындауға арналған іргелі еңбектері негізгі материал ретінде пайдаланылды. Атап айтқанда, ғалымның «Қазақ тұрмыс-салт ертегілерінің генезисі» [1] атты зерттеуінде халықтық дүниетанымның мифологиялық, салттық және этнографиялық негіздері жан-жақты қарастырылса, «Истоки тюркского фольклора. Қорқыт» [2] еңбегінде түркі фольклорының архаикалық бастаулары, тарихи-мәдени сабақтастығы мен өркениеттік контексті кең ауқымда талданады.

Зерттеу жұмысының әдіснамалық негізін гуманитарлық ғылымдарға тән кешенді тәсілдер құрайды. Атап айтқанда, ғалым еңбектеріндегі тұжырымдарды жүйелеу мақсатында талдау және жинақтау әдістері, фольклорлық құбылыстардың өзара байланысын анықтау үшін салыстырмалы-тарихи әдіс, сондай-ақ мәтіндік және концептуалдық ерекшеліктерді ашу барысында интерпретациялық тәсілдер қолданылды. Бұл әдістер Е.Тұрсыновтың ғылыми көзқарастарын ұлттық мәдени құндылықтар тұрғысынан зерделеуге мүмкіндік береді.

Ғалымның еңбектерінде көрініс тапқан қазақ халқының рухани дүниесі, мифологиялық түсініктері, салт-дәстүрлері мен этнографиялық болмысы мәдени-тарихи контексте қарастырылады. Е.Тұрсыновтың фольклорды тек әдеби мұра ретінде ғана емес, халықтың тарихи жады мен этникалық өзіндік санасын айқындайтын кешенді құбылыс ретінде зерделеуі зерттеудің ғылыми нәтижелерін тереңдете түсуге негіз болды.

Талқылау мен бақылау. Едіге Тұрсынов қазақ және өзге этностардың халық ауыз шығармашылығы халықтар арасындағы мәдени, әлеуметтік және саяси байланыстарды одан әрі нығайтудың маңызды көзі болып табылады және олардың әртүрлі парадигмаларда көптеген ұқсастықтары бар деп есептеді.

«Үш мыңжылдықтың ішінде, – деп жазады автор, – салыстырмалы ішкі автономияны сақтай отырып, екі өркениет, көшпелі және отырықшы халықтар қатар дамып, бір-бірін одан әрі байытуға және біртұтас жалпыадамзаттық өркениетті құруға ықпал етті» [1, 7].

Ғалым А.Тойнбидің «динамикалық экономикасы бар дүниежүзілік қоғамда дамымаған өркениетке және көшпелі одақтардың тоқырау экономикасына орын жоқ» деген пікіріне келіспейді [3,5]. Алайда тарихи фактілер А.Тойнбидің тұжырымдамасына

қайшы келеді. Тарихта көшпелі және отырықшы жұрттар арасында үнемі байланыс болды, олардың қарым-қатынасындағы қақтығыс, соғыстармен қатар бейбіт сабақтастық және шаруашылық, сауда, мәдени өзара әсерлер аз болған емес. Мал шаруашылығына мамандандырылған көшпелі халық отырықшылардан егіншілік өнімдерін, қолөнер бұйымдарын жасауды үйренсе, отырықшы халық көшпелілерден мал өнімдерін, мал шаруашылығына қатысты қолөнер бұйымдарын, қолөнерге қажетті шикізат өндіруді көшпелілерден иемденді. Зерттеушілер арасында көшпелілер отырықшылардың мәдени жетістіктерін қиратушылар деген пікір бар. Осы орайда «Шығыс болмаса, батыс та жоқ» деген Р.Киплингтің пікірі әбден дұрыс [3, 67]. Бұл тұрғыда Е.Тұрсынов келесі маңызды мәселеге назар аударады. Қала мәдениеті, қолөнер, сәулет өнері, әдебиет, отырықшы-егіншілік шаруашылығымен айналысқан халықтың өркендеуі көшпелілермен белсенді қарым-қатынас кезеңдерімен сәйкес келеді. Бұл бір жағынан көшпелілер мен егіншілердің арасындағы алмасу қажеттіліктеріне байланысты, екінші жағынан өркениеттер тоғысында олардың рухани мүмкіндіктерінің ең тығыз өзара әрекеттесуі болғанын көрсетеді. Көшпелі түркі халқы мен отырықшы иран халықтарының дәстүрлері бір-бірімен тығыз байланысты, бұл аймақтағы қалалық мәдениеттің пайда болуы мен өсуі, ең алдымен, көшпелі өркениетпен тығыз байланысы негізінде жатыр [1, 7].

Батысқа қарай қоныс аудару кезеңінде түркілер қандай көшпелі қоғам болғанын көрсететін маңызды деректердің бірі – ауызша фольклор, әдетте, тіл мен мазмұн арқылы тарихи шындықты да, мифологиялық көзқарастар кешенін де бейнелейтін эпикалық фольклор. Ежелгі дәуірде және ерте орта ғасырларда Орталық және Орта Азияның ұлан-ғайыр жерінде өмір сүрген тайпалар ірі, күшті тайпалық бірлестіктерге айналды, содан кейін қайта ыдырап кетті. Сондықтан бұл дәуірдегі әдеби ескерткіштерді түркі тілдес халықтардың ортақ мұрасы деп санауға болады.

Үш мыңжылдықта екі өркениет: көшпелі және отырықшы – салыстырмалы ішкі автономияны сақтай отырып, қатар дамып, бір-бірін одан әрі байытуға және біртұтас жалпыадамзаттық өркениетті құруға ықпал етті.

Көшпелі және отырықшы халықтардың ауызша ақындық шығармашылығының дамуында өзіндік ерекшеліктерімен қатар, екеуіне де ортақ белгілер мен заңдылықтар бар. Е.Тұрсынов фольклор жайында сөз еткенде шығу тегін туыс түркі-моңғол халықтарының тарихынан бөліп-жарып қарауға болмайтынына назар аударады. Себебі қазақ халқы он бесінші ғасырда дербес мемлекет болып қалыптасқанымен, оның этногенезісін бұдан талай мың жыл бұрын басталған.

Еуразияның түркітілдес халықтарының ғасырлар бойы ортақ тарихы мен ортақ мәдениеті болды, ол бүгінде олардың ортақ мұрасына айналды. Олар әр уақытта мекен еткен жер әртүрлі атаулармен аталды: Тұран, Оғыздар даласы, Дешті Қыпшақ, Түркістан. Бірақ атауына қарамастан, біртұтас түркі әлемі ретінде танылып, ұлттық мәдениеті мыңдаған жылдарға созылған біртұтас тамыр жүйесінен таралып, әлі күнге дейін сабақтарымен жалғасып жатыр [4, 23].

Ежелгі түркі мемлекетінің ыдырауынан бастап қазақ ұлтының қалыптасуына дейінгі кезең көшпелі түркі қоғамының рухани өміріндегі жылдам сапалы өзгерістердің, бір жағынан, қоғамдық-экономикалық дамуы болды, екінші жағынан, түркі қоғамы соңғы көтерілу кезеңін бастан өткерген жағдай, одан кейін ұзаққа созылған дағдарыс процесі басталады, көшпенділік әлемі мен отырықшы әлем арасындағы бұрынғы тепе-теңдіктің бұзылуына әкеліп соқтырды. Көне түркі мемлекетінің ыдырауынан бастап, бүгінгі қазаққа дейін созылған мыңдаған жылдардың желісінен жалғасып келе жатқан ұзақ дәстүрдің іздерін байқауға болады және бұл дәстүрдің бойынан қазақ фольклоры өкілдерінің ең көне типтерінің шығу тарихын іздеу керек [4, 23].

«Фольклор саласындағы өзгерістер уақыт ұғымындағы өзгерістермен байланысты», – дейді, Е.Тұрсынов. Ғалымның пайымдауынша, уақыт туралы түсінік халық шығармашылығының негізгі факторларының бірі болып табылады. Қазақ фольклорында уақыт бөлінбейтін тұтас, өткен мен бүгіннің синтезі ретінде әрекет

етеді. Өткен шақ қазіргі шақ сияқты қазіргі шақ, ол бүгінгі күнге оның ажырамас бөлігі ретінде құйып қойғандай [1, 10].

Осы орайда В.Я.Пропп «Фольклор и действительность» атты еңбегінде іс-әрекет өтетін кеңістік пен уақыттың біртұтас сипатын көрсетеді, бірі де, екіншісі де тоқтап тұрмайды, үздіксіз даму үстінде болатынын айтады. В.Я.Пропп уақыт пен кеңістік туралы: «Уақыт туралы жалпы мағлұмат жоқ, өйткені тек эмпирикалық кеңістік пен уақыт ғана бар. Ол санмен, күнмен, жылмен емес, кейіпкерлердің әрекеті арқылы өлшенеді» [5, 92].

Көптеген онжылдықтар немесе тіпті ғасырлар бұрын өмірден өткен ата-бабалар тірі адамдардың санасында оларды қолдау немесе керісінше оларға қарсы тұру арқылы өмір сүреді. Ғалым бұл әсіресе шамандық салт-жоралар арқылы айқын көрінетінін айта келіп, өмірден өткен ата-бабалар, тарихи тұлғалар және мифологиялық кейіпкерлер – барлығы бір кеңістік-уақыттық деңгейде қатар өмір сүріп, тірі адамдардың бір сәттік істеріне қатысатынын атап өткен.

Сөздерінің дәлелі ретінде Шұңқыр бақсының айтқан сарынынан мысал келтіреді. Бақсының бұл үндеуінде Жайсаң қыз, Қоңыр әулие, Қорқыт, ата, Қаракерей Қабанбай, Қаздауысты Қазыбек, Шақшақ ұлы Жәнібек, Шойынқара атты тарихи тұлғалар, мифтік кейіпкерлер қатысады.

Тарихи және мифтік кейіпкерлердің шығармада қатар өмір сүруі уақыт пен кеңістіктің адам санасында көлемді түрде, нақты функционалды уақыт түрінде болуы. Фольклорлық шығармаларда уақыт өткен дәуір болып көрінеді, өткен дәуір тыңдаушыға өз заманымен тығыз байланысты болып сезіледі және баяндалып отырған оқиға осы шақта, яғни осы әңгімеленіп отырған кезде болып жатқандай қабылданады. Фольклорлық шығармадағы осы шақ пен бұрынғы шақтың жігі тыңдаушылар үшін баяндалатын оқиғаның ерте заманда болғанында емес, сол оқиғаның қаншалықты маңызды екенінде.

Ғалым Ш.Ыбраевтың тұжырымдауы бойынша, фольклорлық шығармаларда, оның ішінде эпостық жырлардағы уақыт пен кеңістік ұғымдары халықтың дәстүрлі түсінігін, дүниетанымын, оның даму жолдарын анықтауға септігін тигізеді. Сондай-ақ, көркемдік ойлаудың даму сатылары, уақыт пен кеңістік ұғымдарының сипаты жанрлардың қалыптасу, даму жолдарын көрсетеді деп саралайды [6, 90].

Е.Тұрсынов ертегілерде тек эмпирикалық уақыт пен эмпирикалық кеңістік бар деп санайды. Егер екі жерде екі түрлі кейіпкер жасаса, екі әрекетті бір уақытта сипаттауға болмайды, бұл уақытша және кеңістіктік сәйкессіздік деп аталады. Ғалымның пікірінше, фольклорда уақыт бойынша өзгермейтін статистикалық қасиеттер болады [1, 14], кейіпкерлер көптеген жылдар бойы болып жатқан оқиғаларға қарамастан жас болып қала береді. Кеңістіктің эмпирикалық көрінісіне байланысты уақытты сызықтық емес көненің көзі ретінде қабылдау осы уақытқа дейін сақталған. Байырғы қазақ өлшемдері қазақ халқының тұрмыс-салт ерекшеліктеріне, шаруашылығына, кәсіптік қажеттілігіне байланысты қалыптасқан. Уақыт пен кеңістікке қатысты өлшемдерінің барлығы дерлік халқымыздың ғасырлар бойғы негізгі кәсіптерінің бірі – мал шаруашылығымен байланысты пайда болғаны бәрімізге мәлім. Осы тақырыпта жан-жақты зерттеу жұмыстарын жасаған Е.С.Аққошқаров, Г.К.Қалиқызы, Б.Е.Қиянатұлы және тағы басқа ғалымдардың еңбектерінің барлығы және Е.Тұрсыновтың еңбегінде келтірген мысалдары осы пікірімізді қуаттай түседі. Мәселен, «Жасы үш мүшел» реликтінде мүшел жас – қазақ халқының адам жасын есептеу үлгісі, 12 жылға тең күнтізбелік кезең. Сондай-ақ «бие сауым уақыт» - биенің әр сауымының арасындағы бір жарым, екі сағаттай уақыт халықтық өлшемге негіз етіп алынған уақыт [7, 511]. «Сүт пісірім уақыт» – сүт піскенше кететін уақыт. «Қозы көш жер» – көші-қон кезінде қозыларды тынығу үшін тоқтатқандағы аралыққа тең жол. «Күн арқан бойы көтерілді» – күннің сіл ғана жоғары көтерілуі. «Шақырым» – адамның айқайы естілетін қашықтық [1, 15]. Уақыт пен кеңістікке қатысты өлшемдерінің барлығы дерлік халқымыздың ғасырлар бойғы негізгі кәсібі – мал шаруашылығымен байланысты пайда болғанын байқаймыз.

Ежелгі түркі мемлекетінің ыдырауынан бастап қазақ халқының қалыптасуына дейінгі кезең – көшпелі түркі қоғамының рухани өміріндегі өмірге әкелген дүрбелең сапалы өзгерістер кезеңі, бір жағынан, қоғамдық-экономикалық тұрмыстың дамуы болса, екінші жағынан, түркі қоғамы соңғы көтерілу кезеңін бастан өткерген жағдай, одан кейін ұзаққа созылған дағдарыс кезеңі басталады, бұл көшпенділік әлемі мен отырықшы әлем арасындағы тепе-теңдіктің бұзылуына әкеп соқтырды. Бұл өзгерістердің барлығы, әрине, халықтық дүниетанымда көрініс таппауы мүмкін емес еді. Ежелгі дәуір фольклорында, шын мәнінде, халықтық дүниетанымның барлық деңгейлері көрініс табады.

Ғалым тарихи аренада ежелгі түркілердің пайда болуының алдындағы кезеңде көшпелі түркі тайпаларының фольклоры негізінен салттық сипатта болды деп есептейді. Атап айтқанда, айтыс, қаһармандық эпос, ертегілер сияқты фольклорлық жанрлар мазмұны ежелгі түркі дәуірінің адамдарына дейінгі кезеңнің өмір сүру жағдайларына тән діни наным-сенімдерімен байланысты болды.

VIII ғасырға қарай ежелгі түркі поэзиясы дамудың жоғары деңгейіне жетті. Зерттеушілер бірауыздан поэтикалық өлшемдердің алуан түрлілігін, дамыған өлең техникасын атап өтеді. Түркілердің поэтикалық рухын көтерген Түркі қағанатының пайда болуы кездейсоқ емес. Е.Тұрсынов бұл дәуірде әдеби аренада Арпычор Тегін, Чисуя Тудун, Калым Кейши, Ки-Ки, Асыг Тудун сияқты ақындарды атап өтеді. Аталған авторлар әртүрлі ұйқастарды, тік және көлденең аллитерацияны қолдана отырып, өлеңнің дамыған техникасын, канондық формаларын қалыптастырды [1, 21].

Сол кездегі жалпы түркі мәдениетінің, оның ішінде поэзияның қарқынды дамуы оның басқа елдерге де ене бастауына әкелді. Мәселен, Қытайдың Тан мемлекеті түркі мәдениетін қоштады. «Ежелгі түркі әдеби-поэтикалық дәстүрінің дамуының жоғары дәрежесі бұл дәуірде қытай поэзиясында жеті буынды өлең пайда болатындығынан көрінеді», – дейді Е.Тұрсынов [1, 22].

Ежелгі түркі дәуірі және ерте орта ғасырлар кезеңі – авторлық ауызша әдеби мұра мен жазбаша әдебиетінің ресімделу уақыты. Ежелгі түркі мемлекетінің ыдырауынан бастап қазақ ұлтының қалыптасуына дейінгі кезең – көшпелі түркі қоғамының рухани өміріне, бір жағынан, қоғамдық-экономикалық жағдайының дамуына, екінші жағынан түркі қоғамының соңғы өрлеу кезеңін бастан өткерген жағдайына, одан кейін ұзаққа созылған дағдарыс процесі басталатын кезеңге әкелген дүрбелең сапалы өзгерістер кезеңі. Осы үдерістер нәтижесі көшпенділер әлемі мен отырықшы әлемі арасындағы бұрынғы тепе-теңдіктің бұзылуына әкелді.

Түркі поэзиясының дамуындағы жаңа аласапыран кезең XI ғасыр болды. Ғалым бұл кезеңде фольклор салттық сипатта болғанын атап өтеді [1, 18]. Атап айтқанда, поэтикалық жыр жарысы – айтыс, қалыптасып келе жатқан қаһармандық эпос, ертегілер сияқты фольклорлық жанрлар мазмұны, қызметі бойынша белгілі бір дәрежеде түркі дәуіріне дейінгі адамдарға тән магиялық-діни идеялар кешенімен байланысты болды.

Е.Тұрсыновтың зерттеуінше, айтыс жанры кем дегенде біздің дәуіріміздің I мыңжылдығының ортасына қарай діни негізден алшақтап, көркем фольклор жанры ретінде дами бастайды дейді [1, 18]. М.Қашқаридің «Диуани лұғат ат-түрік» жинағындағы «Қыс пен жаздың айтысы», Қожа Ахмет Иассаuidің «Диуани хикметіндегі» «Дозақ пен Пейіштің айтысы» бұған дәлел. Айтыстың көшпелі түркі тектес елдерде ерте заманнан ірге теуіп, сол замандағы ел өмірін бейнелейтінін қытай елінің деректері растайды. Шыңжандық қазақ тарихшысы Н.Мыңжани «Қазақтың көне тарихы» еңбегінде «Түрік шежіресі» атты тарауында: «түріктер бие сүтінен жасалған қымызды ішіп қызып алған соң, ән шырқап бір-бірімен өлең айтысады. Күні бүгінге дейін жалғасып келе жатқан біздегі ақындар айтысының мұнан мың жылдар бұрынғы Батыс түрік қағандығы дәуірінен бері келе жатқан дағдылы дәстүр екенін байқаймыз» деген деректер бар [8, 35]. Қарастырылып отырған дәуірдегі осы үдерістің типтілігінің тағы бір дәлелі VIII-XIII ғасырлардағы түркі поэзиясының үлгілері арасында философиялық-ағартушылық мәні бар жыраулар поэзиясына енетін жанрдың табылуы болып табылады. Ғалымның пайымдауынша Махмұд Қашқаридің еңбектерінен

айтыс жанрының дүниеге келуі поэтикалық формада ұсынылғанына сүйене отырып, б.з.б. I мыңжылдыққа қарай айтыс поэтикалық түрде қалыптасты деп болжауға болады.

Ежелгі түркі мемлекетінің күйреуінен кейінгі дәуірдегі көне мифологияның жойылуын бұрынғы мифтік кейіпкерлердің мәртебесінің өзгеруі мысалында анық байқауға болатынын ғалым айқын көрсетеді. Егер ежелгі түркілерде Ұмай негізгі тәңірлердің бірі, бүкіл тіршілік иесінің бастаушысы тұлғасы ретінде әрекет етсе, М.Қашқаридің «Диуанында» «ұмай» сөзі өзінің бастапқы жалқы есім мағынасын жоғалтқан, яғни қазіргі бірқатар түркі халықтары арасында сақталған мағынада көрінеді.

Қазақтың өлкетанушы, этнограф-ғалымы Серікбол Қондыбайдың зерттеуінше, Ұмай – түркі мифологиясындағы ұлы ана есімдерінің бірі, кейінгі кезде босанған әйелдер, жас балалар мен үй шаруашылығының қамқоршысы болып саналды. Ғалымның айтуынша, бастапқы кезеңде Ұмай тәуелсіз құдайды бейнелеген, кейін мәртебесі төмендеп, тіпті мән-мағынасы өзгеріске түскен [9, 16]. Ұмай бейнесі түркі мифологиясында ежелден бар болғанымен, оның лингвистикалық, этимологиялық және этнографиялық генезисі жеткілікті дәрежеде зерттелмеген [10, 26].

Мифологиялық сюжеттің космогониялық аңыздар категориясына ауысуы қарастырылып отырған дәуірдегі шындықтың кеңістіктік-уақыттық дамуының жаңа ұғарылуын білдірді.

Нәтижелер. Қазақ көшпелілерінің тарихы мен мәдениетінің ерекшелігі прогрессивті әлеуметтік-тарихи даму процесінде оның құрылымының бұрынғы барлық элементтерінің теріске шығармай, қайта сақталуында. Тарихтың кейбір кезеңдерінде ескі элементтер көшпелі ұйымның үздіксіз қозғалатын жүйесінде және жаңа жағдайларда қайтадан жетекші орын алады да, дәуірдің жаңа талаптарына сәйкес өздерінің бұрынғы бейнесінде тұрақтылықты қалыптастырады. Мысалы, қаған билігінің көне түркі дәуірінен бастап орта түркі дәуіріне, XV-XVIII ғасырлардағы хандар билігіне дейін жанрлық сабақтастық жалғасады. XX ғасырда да, жаңа идеялардың, жанрлар мен формалардың әсеріне байланысты, қазақ мәдениетінің басты міндеті жаңа құндылықтар әлемін игеру болған кезде, қайтадан әдебиет пен өнер жаңа жанрларды, формаларды, жаңа ұғымдар мен идеялар шеңберін игерудің ұзақ және өте күрделі кезеңінен өтуге мәжбүр болды. Бұл кезеңнің оң салдарының бірі қазақ мәдениетінің басқа мәдениеттердің мазмұнындағы басты нәрсені тез игеру, өзгерістерге бейім болуы. Олай болса, фольклорлық шығарма – болмыстың жарқын көрінісі, мұнда шындық халық санасының призмасы арқылы беріледі [11, 122]. Осы орайда С.Қасқабасов зерттеуінде фольклор өмірдің ағымы сияқты тез өзгере беретін құбылыс емес, дегенмен, халық тұрмысымен, оның санасымен тікелей байланысты болған соң ол да әр кезде өзгеріске ұшырап отыратынын айтады [12, 22].

Қорытынды. Түркі тілдес халықтардың тілі, діни дүниетанымы, мәдениеті мен тарихи санасы ғасырлар бойы үздіксіз өзгеріп, жаңарып, күрделі эволюциялық даму жолынан өтті. Бұл үдерістер көшпелі және отырықшы өркениеттердің өзара ықпалы, түрлі діни жүйелердің (тәңірлік, ислам және басқа да сенімдер) қабаттасуы, сондай-ақ тарихи оқиғалар мен әлеуметтік өзгерістердің әсері арқылы қалыптасты. Осындай көпқырлы дамудың нәтижесінде түркі халықтарының рухани болмысы байып, өзіндік мәдени кодтары мен дүниетанымдық жүйесі орнықты. Аталған үдерістердің барлығы халық жадында сақталып, ұрпақтан ұрпаққа жеткізілуінде фольклорлық мұралардың атқарған қызметі ерекше маңызды болды. Жазба дәстүр толық қалыптаспаған кезеңдерде фольклор халықтың тарихи тәжірибесін, дүниетанымын және құндылықтар жүйесін сақтаудың негізгі құралы қызметін атқарды. Ауызша таралу арқылы жеткен аңыз-әңгімелер, эпостық жырлар, ертегілер, мақал-мәтелдер мен тұрмыс-салт жырлары әр дәуірдің рухани келбетін бейнелеп, халықтың өзін-өзі тануына ықпал етті.

Фольклор үлгілері түркі халықтарының рухани тәжірибесін жинақтаған әмбебап мәдени феномен ретінде бірнеше қызмет атқарады.

Біріншіден, ол – мифологиялық дүниетанымның көрінісі. Көне аңыздар мен мифтерде әлемнің жаратылысы, табиғат құбылыстары, адам мен ғарыш арасындағы байланыс

туралы түсініктер көрініс табады. Бұл мифологиялық қабаттар кейінгі дәуірлерде де түрлі жанрларда сақталып, жаңаша интерпретацияға ие болып отырған.

Екіншіден, фольклор әлеуметтік қатынастарды бейнелейді. Онда қауымдық өмірдің нормалары, әдет-ғұрыптар, моральдық қағидалар мен этикалық ұстанымдар көркем түрде беріледі. Батырлық жырлардағы ерлік, адалдық, отансүйгіштік идеялары немесе мақал-мәтелдердегі даналық тұжырымдар қоғамның рухани бағдарын айқындайды.

Үшіншіден, фольклор тарихи жадтың сақтаушысы ретінде қызмет етеді. Эпостық шығармалар мен тарихи жырларда нақты оқиғалар мен тұлғалар көркемдік тұрғыдан бейнеленіп, халықтың өткенін ұмыттырмайтын құралға айналады. Бұл тұрғыда фольклор тек көркем мұра ғана емес, сонымен қатар тарихи сананы қалыптастыратын маңызды фактор болып табылады.

Сонымен қатар, фольклордың синкреттік сипатын да атап өткен жөн. Ол сөз өнерін, музыка мен орындаушылық дәстүрді, кейде тіпті рәсімдік әрекеттерді де біріктіре отырып, тұтас мәдени жүйе ретінде көрінеді. Мұндай көпқырлылық оның өміршеңдігін арттырып, әр кезеңде жаңарып, бейімделіп отыруына мүмкіндік береді.

Сондықтан да бүгінгі күнге дейін сақталып келген асыл қазына мен бай рухани мұраның негізінде ауызша дәстүрдің орны ерекше. Фольклор – ұрпақтан ұрпаққа беріліп, халықтың тарихын, дүниетанымын және мәдени тәжірибесін сақтайтын ерекше ақпарат көзі болып табылады [13, 697].

Е.Тұрсынов түркі халықтарының тарихы мен мәдениетін зерттеуде дәстүрлі сипаттамалық тәсілдермен шектелмей, фольклорды этномәдени дамудың өзегінде қарастыратын жаңа ғылыми әдіснамалық бағыт ұсынды. Ғалым фольклорлық мәтіндерді мифология, этнография, тарих, тіл білімі және әдебиеттану деректерімен сабақтастыра отырып, түркі мәдениетінде жинақталған күрделі әрі көпқабатты құбылыстарды кешенді түрде зерделеуге мүмкіндік беретін ғылыми модель қалыптастырды.

Ұсынылған әдіснама фольклорды жеке жанрлық немесе эстетикалық құбылыс ретінде ғана емес, этностың дүниетанымдық жүйесін айқындайтын тұтас мәдени код ретінде қарастыруға жол ашты. Осыған байланысты Е.Тұрсыновтың ғылыми тұжырымдары кейінгі кезеңде фольклортанушылар, әдебиеттанушылар, эпостанушылар тарапынан кеңінен қолданыс тауып, түркі халықтарының ауызша мұрасын зерттеудің теориялық-әдістемелік негізін тереңдете түсті.

Қорытындылай келе, түркі халықтарының фольклоры – олардың рухани әлемінің айнасы, тарихи жадтың сақтаушысы және мәдени сабақтастықтың негізгі тетігі. Ол ғасырлар бойы жинақталған тәжірибені, дүниетанымды және құндылықтарды бүгінгі ұрпаққа жеткізіп қана қоймай, қазіргі заман жағдайында да ұлттық болмысты танудың маңызды көзі ретінде өз маңызын жоймай келеді.

Әдебиеттер

1. Турсунов Е.Д. Истоки тюркского фольклора. Қорқыт. – Алматы: Дайк – Пресс, 2001. – 168 с.
2. Киплинг Р. Избранные стихи из всех книг. Сост., ред. новых переводов, послесл. и прим. В.Бетаки [Текст]. – Б.м.: Salamandra P.V.V. 2011. – 331 с.
3. Кадырбаев А.Ш. Кочевой мир Казахстана в древнетюркскую эпоху (VI-IX) // Культура кочевников на рубеже веков: проблемы генезиса и трансформации. – А., 1995.
4. Тұрсынов Е. Қазақ тұрмыс-салт ертегілерінің генезисі. Алматы: Арман-ПВ, 1973. – 211 б.
5. Пропп В.Я. Фольклор и действительность. Избранные статьи [Текст]. – М.: Наука, 1976. – 327 с.
6. Историческая поэтика. Итоги и перспективы изучения. – М.: Наука, 1986. – 332 с.
7. Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. – Алматы: DPS, 2011. – (иллюстрацияланған)
8. Мыңжани Н. Қазақтың көне тарихы. – Алматы: Жалын, 1993. – 400 б.

9. Кондыбай С. Мифология предказахов. Книга третья. пер. с каз. З. Наурызбаевой. – Алматы: СаГа, 2008. – 436 с.
10. Журакузиев Н.И. Модель мироустройства в литературе и фольклоре древних тюркских народов // Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы. – 2021. – №1 (134). – С. 23-36. DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2021-134-1-23-36>
11. Каюмова Г., Сорокина Т. Особенности изображения эпических героев в фольклоре // Филология и культура. – 2023. – №3 (73). – С. 116-123. DOI: <https://doi.org/10.26907/2782-4756-2023-73-3-116-123>
12. Қасқабасов С. Ойөріс. Алматы: «Жібек жолы», 2009. – 303 б.
13. Kittila S. (2020). Folklore as a category of evidence // Folia Linguistica. – 2020. – №3 (54). – P. 697-721. DOI: <https://doi.org/10.1515/flin-2020-2051>

Г.Б. АЛИМКАНОВА, Н.К. ЖУСУПОВ
Торайгыров университет, Павлодар, Казахстан

КОНЦЕПЦИЯ УЧЕНОГО ЕДЫГЕ ТУРСУНОВА О ФОЛЬКЛОРЕ ТЮРКСКИХ НАРОДОВ

Аннотация. В статье рассказывается о вкладе казахского фольклориста, доктора филологических наук Турсунова Едыге Даригуловича в область фольклористики, его позициях в изучении произведений фольклора. Многогранная научно-исследовательская деятельность выдающегося тюрколога связана с изучением процессов формирования истории, культуры и литературы казахского народа через единую концепцию тюркского мира в целом, а также многих этносов, проживающих на территории Центральной Азии, Южной Сибири и Восточной Европы. Уникальные знания и высокая духовная культура автора придают неповторимый вид и масштабность любому проявлению его мыслей.

Труд учёного «Истоки тюркского фольклора. Қорқыт» охватывает развитие фольклора в период от распада древнетюркского государства до формирования казахского народа.

Изменения в области фольклора связаны с изменениями в понятии времени. Ясно показывается, что понятие времени является одним из основных факторов народного творчества.

В статье всесторонне анализируются научные концепции Е. Турсунова, рассматривающего фольклор как сложную культурную систему, определяющую мировоззрение этноса, а также его взгляды на взаимосвязь мифологического мышления с историческим сознанием. Теоретические положения автора позволяют комплексно изучать устное наследие тюркских народов и вносят значительный вклад в развитие методологических направлений современной фольклористики.

Ключевые слова: фольклор, время, пространство, тюркская культура, кочевое тюркское общество.

G.B.ALIMKANOVA, N.K.ZHUSIPOV
Toraighyrov university, Pavlodar, Kazakhstan

THE CONCEPT OF THE SCIENTIST YEDIGE TURSUNOV ABOUT THE FOLKLORE OF THE TURKIC PEOPLES

Annotation. The article tells about the contribution of the Kazakh folklorist, Doctor of Philology Tursynov Yedige Darigulovich in the field of folklore studies, his positions in the study of folklore works. The multifaceted research activity of the outstanding Turkologist is associated with the study of the processes of formation of the history, culture and literature of the Kazakh people through a single concept of the Turkic world as a whole, as well as many ethnic groups living in Central Asia, Southern Siberia and Eastern Europe. The unique knowledge and high spiritual culture of the author give a unique look and scale to any manifestation of his thoughts.

The scientist's work "The Origins of Turkic Folklore. Korkyt" covers the development of folklore in the period from the collapse of the ancient Turkic state to the formation of the Kazakh people.

Proving that changes in the field of folklore are associated with changes in the concept of time, it clearly shows that the concept of time is one of the main factors of folk art.

The article comprehensively analyzes the scientific concepts of E. Tursinov, who considers folklore as a complex cultural system that defines the worldview of an ethnic group, as well as his views on the relationship between mythological thinking and historical consciousness. The theoretical provisions of the author make it possible to comprehensively study the oral heritage of the Turkic peoples and make a significant contribution to the development of methodological trends in modern folklore studies.

Keywords: folklore, time, space, Turkic culture, nomadic Turkic society.

References

1. Tursunov E.D. İstoki türkского föklora. Qorqyt. – Almaty: Daik – Pres, 2001. – 168 s.
2. Kipling R. İzbrannye stihy iz vseh knig. Sost., red. novyh perevodov, poslel. i prim. V. Betaki [Teks]. – B.m.: Salamandra P.V.V. 2011. – 331 s.
3. Kadyrbaev A.Ş. Kochevoi mir Kazahstana v drevnetürkskuiu epohu (VI-IX) // Kültura kochevnikov na rubeje vekov: problemy genezisa i transformatsii. – A., 1995.
4. Tursynov E. Qazaq türmys-salt ertegileriniñ genezisi. Almaty: Arman-PV, 1973. – 211 b.
5. Propp V.İa. Föklor i deistvitelnöst. İzbrannye stati [Teks]. – M.: Nauka, 1976. – 327 s.
6. İstoricheskaia poetika. İtogi i perspektivy izucheniya. – M.: Nauka, 1986. – 332 s.
7. Qazaqtyñ etnografialyq kategorialar, üğymdar men ataularynyñ дәstürlü jüiesi. Ensiklopedia. – Almaty: DPS, 2011. – (ilüstrasialanğan)
8. Myñjani N. Qazaqtyñ köne tarihy. – Almaty: Jalyn, 1993. – 400 b.
9. Kondybai S. Mifologia predkazahov. Kniga tretä. per. s kaz. Z. Nauryzbaevoy. – Almaty: SaGa, 2008. – 436 s.
10. Jurakuziev N.İ. Model miroustroistva v literature i föklöre drevnih türkских narodov // L.N. Gumilev atyndaғы Eurazia ülttyq universitetiniñ habarşysy. – 2021. – №1 (134). – S. 23-36. DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2021-134-1-23-36>
11. Kaiumova G., Sorokina T. Osobenosti izobrajenia epicheskikh geroev v föklöre // Filologia i kültura. – 2023. – №3 (73). – S. 116-123. DOI: <https://doi.org/10.26907/2782-4756-2023-73-3-116-123>
12. Qasqabasov S. Oiöris. Almaty: «Jibek joly», 2009. – 303 b.
13. Kittila S. (2020). Folklore as a category of evidence // Folia Linguistica. – 2020. – №3 (54). – R. 697-721. DOI: <https://doi.org/10.1515/flin-2020-2051>

Авторлар туралы мәлімет:

Алимканова Гульназ Бауыржановна – Торайғыров университетінің докторанты, Павлодар, Қазақстан

Алимканова Гульназ Бауыржановна – докторант Торайғыров университета, Павлодар, Қазақстан

Alimkanova Gulnaz Bauyrzhanovna – doctoral student of Toraigyrov University, Pavlodar, Kazakhstan

Жүсіпов Нартай Куандықұлы – филология ғылымдарының докторы, Торайғыров университетінің профессоры, Павлодар, Қазақстан

Жусупов Нартай Куандыкович – доктор филологических наук, профессор Торайғыров университета, Павлодар, Казахстан

Zhusupov Nartai Kuandykovich – Doctor of Philology, Professor of Toraigyrov University, Pavlodar, Kazakhstan